

**АЛМАТЫ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ  
СТАТИСТИКА АКАДЕМИЯСЫ**



**АЛМАТИНСКАЯ АКАДЕМИЯ  
ЭКОНОМИКИ И СТАТИСТИКИ**

**«5B050700 - МЕНЕДЖМЕНТ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША  
СТУДЕНТТЕРДІҢ ДИПЛОМ ЖҰМЫСЫН  
ОРЫНДАУҒА АРНАЛҒАН  
ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ**

**Алматы, 2018**

**«5B050700 - Менеджмент» мамандығы бойынша арналған студенттердің диплом жұмысын орындауына арналған әдістемелік нұсқау**  
- Алматы, Алматы экономика және статистика академиясы, 2018. -33 бет.

**Құрастырушылар:** Сейтхамзина Г.Ж – «Экономика және менеджмент» кафедрасының меңгерушісі, э.ғ.к., профессор;  
Омарова С.К. – «Экономика және менеджмент» кафедрасының доценті, э.ғ.к.;  
Панзабекова А.Ж. – «Экономика және менеджмент» кафедрасының доценті, э.ғ.к.

**Рецензенттер:** Жүнісбекова Б.Б – «Экономика және менеджмент» кафедрасының доценті, э.ғ.к.

Кафедраның отырысында талқыланып ұсынылған хаттама №1 «27» тамыз 2018 ж.

«Экономика және менеджмент»  
кафедрасының меңгерушісі,

э.ғ.к., профессор



Сейтхамзина Г.Ж.

Академияның оқу-әдістемелік кеңесінің мәжілісінде мақұлданған хаттама №1 «28» тамыз 2018ж.

Академияның Оқу -әдістемелік  
кеңесінің төрағасы



э.ғ.к., профессор Бекенова Л.М

## МАЗМҰНЫ

	беттер
1 Диплом жұмысын дайындау және қорғау тәртібі бойынша жалпы ережелер	4
2 Диплом жұмысының тақырыбын таңдау және жазу тәртібі	5
3 Диплом жұмысының құрылымы және оның қысқаша мазмұны	8
4 Диплом жұмысын рәсімдеуге қойылатын талаптар	15
5 Диплом жұмысын қорғау тәртібі	20
Қолданылған әдебиеттер тізімі	23
Қосымшалар	24

## **1 Диплом жұмысын дайындау және қорғау тәртібі бойынша жалпы ережелер**

Диплом жұмысы – бұл Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес 5.04.019 – 2011 жылдың 1 қыркүйегінен «Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі. Жоғарғы оқу орындарында дипломдық жұмысты (жоба) орындаудың тәртібі», студенттің Академиядағы оқуының соңғы кезеңінде өздігімен орындалатын ғылыми-зерттеу жұмысы.[2]

Диплом жұмысы студенттердің мамандық бойынша теориялық және тәжірибелік білімін тереңдетуге, оларды ғылыми, техникалық, экономикалық және өндірістік мақсаттарда қолдану, туындаған жағдайда немесе сұрақтарда өзіндік жұмыстардың игеру тәртібін дамыту және шешудегі ғылыми зерттеудің әдістемесінің меңгерілуі, жаңа заманғы өндіріс жағдайына студенттің дайындығы және оның мазмұны студенттің ғылыми таным әдістерін меңгеру дәрежесін көрсетуі керек.

Диплом жұмысының мазмұны диплом алдындағы тәжірибе өту базасына сәйкес келуі қажет және келесі талаптарға сәйкес болуы қажет:

- ғалымдармен, сарапшылармен, мамандығына сәйкес тәжірибе алушылармен жүргізіліген зерттеу нәтижесінің жан- жақтылығы, жобалау шешімі;

- зерттеліп жатқан объекті бойынша ғылыми негізделген қортындылардың болуы;

- нақты мәселені шешетін ғылыми негізделген қортындылардың болуы.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес 5.04.019 – 2011 дипломдық жұмыстың тақырыптары келесідей болуы қажет:

- мамандықты даярлауда мамандығына және кәсібіне сәйкес келуі;

- экономиканың нақты мәселелері мен мақсаттарын ескеретін, өзекті, экономика ғылымын дамытудағы алғы шарттармен алып жатқан мамандығымен сәйкес келуі;

- бітірушілерді шығарушы кафедраның Оқу-әдістемелік Кеңесімен өңделеді;

- дипломдық жұмыстың тақырыбы жыл сайын кемінде 30%ға жаңартылып отырылуы тиіс

Диплом жұмысын орындауда әрбір студентке кеңес беру және қадағалау мақсатында ғылыми жетекші етіп профессорларды, доценттер мен тәжірибелі кафедраның оқытушылары ғылыми мақалалары мамандықтың негізіне сәйкес келетін қызметкерлерді бекітеді.

Осы «Әдістемелік нұсқаулар» диплом жұмысының мазмұнына, құрылымына, жұмысты орындау және қорғау жүйелілігіне байланысты қойылатын барлық талаптарды қамтиды.

## 2. Диплом жұмысының тақырыбын таңдау және жазу тәртібі

Диплом жұмысының нақты жоспарлануы мен өз уақытысында орындалуы, оның сәтті қорғалуына әсер етеді. Диплом жұмысын ұйымдастырудың шешуші аспектілері болып жұмыс тақырыбын таңдау, жазудың күнтізбелік жоспар-кестесін құру, рәсімдеу талаптарын оқу табылады.

Диплом жұмыстың тақырыбы кафедра мәжілісінде бекітілген тақырыптар тізімінен таңдалады. Диплом жұмысының тақырыптары соңғы курстың басында студентпен таңдалады және академия ректорының бұйрығымен бекітіледі. Диплом жұмыстарының орындау тәжірибесі жұмыс тақырыбын таңдауға арнайы әдебиет көздерін алдын-ала зерттеу, тәжірибе өту орнында жұмыс істейтін мамандармен, ғылыми жетекшімен кеңесу басты ықпал ететінін көрсетеді. Жұмысты дайындау, орындау, қорғау жүйесінің барлық процесі төмендегі кезеңдерден тұрады:

- дипломдық жұмыстың тақырыбын таңдау (өтініш)
- зерттеу мәселесі бойынша әдебиет көздерін таңдау;
- диплом жұмысын орындау бойынша ұйымдастыру құжаттарын (өтініш, тапсырма, күнтізбе) рәсімдеу;
- диплом жұмысын орындау және рәсімдеу талаптарын үйрену;
- таңдалған әдебиет көздерінің ғылыми шолу және теориялық бөлімінің зерттеуін қарастыру;
- диплом алдындағы тәжірибені өту кезеңінде жиналған материалдарды қолдану;
- зерттеудің конструкторлық бөлімін әзірлеу (зерттеу мәселесі бойынша ұсыныстар);
- диплом жұмысын бекітілген талаптарға сай рәсімдеу;
- диплом жұмысына ғылыми жетекшіден алынған пікірді бір ай бұрын кафедраға ұсыну;
- кафедра меңгерушісінің қорғауға берген рұқсатынан кейін, қорғауға дейінгі 2 апта бұрын диплом жұмысын сыртқы оппонентке (рецензентке) жазбаша сын пікір алуға бағытталады;
- қорғауға қажетті баяндаманы және кестелік-иллюстрациялық материалдарды дайындау;
- диплом жұмысын Мемлекеттік Аттестация комиссиясының алдында қорғау.

Диплом жұмысының тақырыбын таңдау бітірушінің теориялық дайындығына, ғылыми қызығушылығына, жұмысы мен диплом алдындағы тәжірибесінің өту орнына және ғылыми жетекшінің келісіміне сай (сырттай бөлімде оқитын) жүзеге асырылады.

Студенттің теориялық және тәжірибелік маңызын ашатын қажетті материалдармен қамтылған өз тақырыбын таңдауға құқығы бар, ол кафедра меңгерушісінің рұқсатымен іске асырылады. Мұндай жағдайда студент тақырыбын бойынша материалдары немесе кәсіпорын тарапынан тапсырыстық тақырып ретінде қызмет хат әкеледі.

Сырттай бөлім студенттеріне диплом жұмысының тақырыптарын таңдау олардың өндірістік қажеттілігіне сай рұқсат етіледі.

Кафедра мәжілісінде ғылыми жетекшісімен көрсетілген диплом жұмыстарының тақырыптары бекітіледі. Тақырыпты таңдау барысында мамандық, зерттелетін мәселе деңгейі, өзектілігі, практикалық материалдарды жинау барысында студенттің жеке қызығушылығын ескеру қажет. Сонымен қатар зерттелетін тақырып бойынша кафедра мамандары ұсынғын әдебиеттер тізімін қолданған дұрыс.

Дипломдық жұмысының тақырыбын ғылыми жетекшісінен кеңес алып, нақты анықтағаннан кейін студент кафедра меңгерушісінің атына табырыпты орындауға өтініш жазады (**Қосымша А**). Диплом алдындағы тәжірибеден өтетін орынын ескере отырып студент тақырыпты және ғылыми жетекшіні Академияның бұйрығымен бекітуге өз шешімін береді.

Диплом жұмысын орындау барысында келесі міндеттер шешіледі:

– зерттеудің өзектілігін дәйектеу, ғылыми әдістерді қолдану арқылы зерттеу объектісіне сәйкес қойылған мақсаттар мен міндеттерді шешу;

– зерттеу тақырыбы бойынша теориялық мәліметтерді логикалық түрде көрсетіп, аналитикалық мәліметтерді талдау;

– шаруашылық субъектінің экономикалық қызметін жетілдіру және зерттеу пәнінің даму перспективасын анықтау бойынша сенімді және нақты ұсыныстар беру;

– жұмыстың қорытынды тарауында негізгі ұсыныстар мен қорытындыларды тұжырымдау;

Ғылыми жетекші студентке ғылыми-әдістемелік көмек ұсынады. Ол:

– диплом жұмысының тақырыбын таңдауға және оның жоспарын жасауға қатысады;

– дипломдық жұмыстың орындалуына тапсырмалар беріледі (**Қосымша Б**);

– студентпен бірге диплом жұмысының күнтізбелік жоспар кестесін жасайды (**Қосымша В**). Күнтізбелік жоспар кесте – бұл студент пен ғылыми жетекшінің біріккен жұмысын анықтайтын жұмыс құжаты болып табылатындықтан диплом жұмысына тіркелмейді;

– диплом жұмысының мазмұнына байланысты негізгі, анықтамалық, статистикалық әдебиет және т.б. көздер бойынша кеңес беріледі;

– күнтізбелік жоспар кестеге сәйкес белгіленген жұмыстардың уақытылы және сапалы орындалуын қадағалайды;

– диплом жұмысы аяқталғаннан соң, жұмыс жайлы пікір жазады. Оның мазмұны белгіленген талаптарға қаншалықты сәйкес екенін көрсетіп, қысқаша мінездеме береді.

Диплом жұмысының тақырыбы таңдалғаннан кейін, ғылыми жетекші диплом жұмысына қатысты тапсырма береді. Диплом жұмысының тапсырмасы төмендегідей:

– шығыс материалдарының сипаттамасы (өндірістік/дипломалды тәжірибе есептері ҚР статистика жөніндегі Агенттігінің мәліметтері, шаруашылық субъектілерінің есебі, алғашқы ақпараттар);

– студентпен әзірленген сұрақтар тізімі;

– ұсынылатын әдебиеттер тізімі;

– графикалық материалдар тізімі; (кестелер, суреттер)

Диплом жұмысының белгілі бөлімі бойынша кеңес беруші қажет болған жағдайда Академияның және басқа да ЖОО-да, мамлекеттік органдарда практикалық немесе ғылыми-зерттеу қызметімен айналысатын оқытушылар, біліктілікке сай жоғары білікті мамандар тағайындала алады.

Содан соң диплом жұмысының күнтізбесі құрылады. Еңбек шығындарын қысқарту мақсатында диплом жұмысының ең бірінші фрагментін жазу барысында ең алдымен оның рәсімделуі жөніндегі талаптарын оқып үйрену қажет. Диплом жұмысының негізгі тақырыбы теориялық білімді, зерттеудің қолдану әдістерінің негіздемесін, есеп айырысу әдістерін қабылдау, жүргізілген эксперименттердің негіздемесі, оларды талдау, қорытындылау, кестелік-иллюстриациялық материалдарды көрсететін технико-экономикалық нұсқаларды салыстыру.

Кафедра меңгерушісі студенттердің диплом жұмысын орындау бойынша кезеңдік есептерінің уақытын белгілейді. Бұл мерзімде студенттер диплом жұмысының дайындық деңгейін анықтауға байланысты ғылыми жетекшімен кафедра меңгерушісінің алдында есеп береді.

### 3 Диплом жұмысының құрылымы және оның қысқаша мазмұны

Диплом жұмысы Академияның бітіруші курс студенттерінің алған мамандығына сай дайындалған өзіндік ғылыми жұмысы болып табылады. Диплом жұмысы көлемі 60-90 бет көлемінде болуы тиіс. Бұл тараудағы мәселеге толығырақ тоқталмастан бұрын, диплом жұмысын жазу бойынша негізгі талаптарды тағы да атап өтейік, олар: жұмыстың мақсатқа бағытталуы; нақты құрылымы; мәліметтерді логикалық, жүйелі түрде және өз бетінше баяндау; зерттеудің тереңдігі, көрсетілген бөлім сұрақтарының мазмұнын толық ашу; дәлелдемелердің сенімділігі; тұжырымдардың қысқалылығы және нақтылығы; жұмыстың нәтижелерін нақты сипаттау; қорытындының дәлелділігі мен ұсыныстардың негізділігі; талаптарға сәйкес безендірілуі.

Жоғарыда көрсетілген талаптардан басқа, диплом жұмысын жазу барысында келесі ережелерді сақтау керек:

- диплом жұмысының кіріспесі мен қорытындысы 1-3 беттен кем болмауы міндетті;

- жұмыстың әрбір тарауы 2-3 параграфтан тұруы керек. Сонымен бірге әрбір параграфтың көлемі 9-10 беттей болуы шарт;

- жұмыстың теориялық, талдаулық және конструктивтік бөлімдері көлемі жағынан шамамен бірдей болғаны дұрыс (Мысалы, дипломдық жұмыстың көлемі бойынша әрбір бөлім 25-30% құрайды). Ең көп кездесетін кателік теориялық тарауы көлемінің (бет саны) көп болуы;

- әрбір параграфтың, тараудың соңында қорытындылар жасалуы қажет, яғни мәліметтердің мазмұнын қысқаша баяндап жазу (1 абзац). Әдетте қорытындылар төмендегі сөздермен басталады: «сонымен...», «демек...», «жоғарыда айтылғанның негізінде мынадай қорытынды жасауға болады...»;

- мәліметтер алынған көздерге (оқулық, оқу құралдары, мерзімдік басылымдар) осы Ережелердің диплом жұмысын рәсімдеуге қойылатын талаптарына сәйкес сілтеме жасау қажет (4 тарау). Сілтеме көрсетілмеген жағдайда диплом жұмысын қорғауға жіберілмейді;

- қолданылған әдебиеттер саны 25-тен кем болмауы қажет.

Диплом жұмысының құрылымы қатал стандартта болуы шарт емес. Ол көбінесе тақырыптың күрделілігіне, зерттеу әдістемесіне, теориялық және тәжірибелік маңыздылығына, сонымен қатар қойылған міндеттерге байланысты болады. Диплом жұмысының **құрылымы**, әдетте, кіріспеден, үш тараудан (теориялық, талдаулық, конструктивтік), қорытынды, қолданылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Керек жағдайда көрнекі-статистикалық мәліметтер жұмыстың соңында қосымша ретінде көрсетіледі.

Диплом жұмысының құрылымдық элементтері болып табылатындар:

- мұқаба (сыртқы беті);
- титулдық бет;
- диплом жұмысына тапсырма (**Қосымша Б**);
- мазмұны;
- кіріспе;
- негізгі бөлім (бөлімдер);
- қорытынды;



- қолданылған әдебиеттер тізімі;
- қосымша.

Мұқабада (сыртқы бетінде) келесі мағлұматтар келтіріледі

- диплом жұмысы (жоба) орындалған, ұйымның атауы, **(Қосымша Г)**
- студенттің тегі және аты-жөні,
- диплом жұмысының (жобаның) тақырыбы,
- жұмыстың түрі-диплом жұмысы (жоба),
- мамандықтың атауы және коды,
- қала және жыл.

Титулдық бет диплом жұмыстың бірінші беті болып табылады және міндетті түрде белгілі ережелермен толтырылады **(Қосымша Д)**.

Титулдық бетте келесідей мәліметтер келтіріледі:

- ұйым атауы, диплом жұмысының қайда толтырылғаны;
- дипломдық жұмыс (жоба) орындалған кафедраның атауы;
- кафедра меңгерушісінің бекіткені жөніндегі қолы;
- жұмыс түрі - диплом жұмысы (жоба);
- тақырып көрсетілген дипломдық жұмыс (жоба) атау «тақырыпқа:»;
- мамандардың атауы және шифрі;
- сол жақтан - «орындаған» сөзі, оң жақтан қарама- қарсы студенттің аты-жөні көрсетіледі;
- бір қатар төмен содан соң «ғылыми жетекші» және жетекшінің аты-жөні, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы жазылады;
- қала, жыл.

Титулдық бет жалпы беттің көлеміне кіреді, бірақ нөмірленбейді.

Жұмыстың «**Мазмұнында**» кіріспе, барлық тараулардың, параграфтардың атауы, қорытынды, қолданылған әдебиеттер тізімі, қосымшалардың атауы және әрқайсысының басталу беттері көрсетілуі керек. Тараулардың және параграфтардың атауын қысқартып жазуға, басқа түрде келтіруге немесе орындарын ауыстырып жазуға тыйым салынады.

«**Кіріспеде**» жұмыстың ең өзекті мәселелерін, мақсаты мен міндеттерін, зерттеу объектісі мен пәнін, сонымен қатар оның тәжірибелік маңыздылығы мен жариялымдылығын (ғылыми мақалалары, конференция баяндамалары болған жағдайда) көрсету қажет.

Кіріспе мен қорытынды – бұл диплом жұмысының ең маңызды тараулары, өйткені осы тарауларды оқыған кезде жазылған жұмыстың сапасы туралы алғашқы ой-пікір қалыптасады.

Диплом жұмысының мақсатын тұжырымдау мәселені талдап, экономикалық құбылыстардың арасындағы заңдылықтарды табуға бағытталуы керек. Әдетте диплом жұмысының мақсаты екі бөлімнен тұрады: біріншісі – «зерттеу» деген сөзбен басталады (зерттеу мәселесі), ал екіншісі – осы мәселені шешетін ұсыныстарды әзірлеу. (немесе оның даму болашағы)

Мысалы: диплом жұмысының тақырыбы «Кәсіпорында тәуекелді басқару (ҚК «Әлеуметтік зерттеу институты» материалдары негізінде)»

Диплом жұмысының міндеттері мақсатына байланысты анықталады. Онда төмендегідей сөздер қолданылады: талдау, әзірлеу, жалпылау, дәлелдеу, ендіру,

зерттеу, анықтау, көрсету, сипаттау, жүйелеп баяндау, ұсыныстар ұсыну, болжамдар жасау, өзара байланысын анықтау, болашақтағы дамуын айқындау.

Міндеттерді анық тұжырымдау маңызды, өйткені міндеттердің мазмұны, тізімі және олардың орындалуына байланысты диплом жұмысының құрылымы анықталып, сәйкес тараулардың атаулары белгіленеді.

Мысалы: диплом жұмыс тақырыбы «Кәсіпорында тәуекелді басқару (ҚК «Әлеуметтік зерттеу институты» материалдары негізінде)»

Диплом жұмысының мақсатына байланысты, оның келесі міндеттері анықталып, шешіледі:

- кәсіпорында тәуекелді басқарудың теориялық негіздерін оқып, үйрену;
- тәуекелді басқарудың шетелдік тәжірибесін оқып білу;
- ҚК «Әлеуметтік зерттеу институтына» жалпы сипаттама және оның негізгі экономикалық көрсеткіштеріне талдау жасау;
- ҚК «Әлеуметтік зерттеу институтында» тәуекелді басқару жүйесін зерттеу;
- ҚК «Әлеуметтік зерттеу институтында» тәуекелді басқаруды жетілдіру жолдарын ұсыну.

Зерттеу пәні тақырыппен және зерттеу объектісінің даму перспективасының жиынтығы, шаруашылық-экономикалық қатынастарды үйренуге деген автордың көзқарасымен алдын ала анықталады [5, с. 25]. Зерттеу **объектісі** – шаруашылық субъектісі мен нарықтың экономикалық қызметін көрсетеді.

Мысалы: диплом жұмысының тақырыбы «Кәсіпорында тәуекелді басқару (ҚК «Әлеуметтік зерттеу институты» материалдары негізінде)»

**Зерттеу пәні** болып кәсіпорында тәуекелді басқарудың әдістемелік және тәжірибелік аспектілердің жиынтығы табылады.

**Зерттеу объектісі** болып ақпараттық қызмет нарығында қызмет жасайтын «Әлеуметтік зерттеу институты» қоғамдық қоры табылады.

Жұмыс тақырыбы бойынша қолданылған зерттеу әдістерін ашуды қысқаша түрде мазмұндау талап етіледі. Бұл жерде автордың жеке зерттеуі бойынша қорытындысы, ұсыныстары, жасалған әдістерді көрсету өте маңызды.

Диплом жұмысының **ғылыми жаңалығы** негізінен жеке түсініктерді, экономикалық процестердің негізгі бөліктерін анықтау және автордың зерттеу мәселесі бойынша жұмсаған еңбегімен сипатталады.

Диплом жұмыстың негізгі тарауда орындалған жұмыстың мәні, мазмұны, әдістемесі және негізгі нәтижелері бойынша мәліметтер келтіріледі. Диплом жұмысының негізгі тарауы бөлім мен бөлімшеге бөлінеді. Жұмыста жүйелеу мен қисынды жазу талаптарын қатаң сақтау негізінде үшінші тараудың мазмұны бірінші және екінші тараулардың негізгі тұжырымдарын, ал екінші тарау – бірінші тарауда жасалған теориялық-әдістемелік сипаттағы қорытындыларды қамтуы тиіс.

Жұмыстың **бірінші тарауы** теориялық сипатта болады. Ол зерттеу тақырыбын ғылыми-теориялық және методологиялық тұрғыдан, ғылыми әдебиеттерді және ресми мәліметтерді (нормативтік-құқықтық құжаттарды, статистикалық ақпаратты, ағымдық басылымдарды) сынға ала отырып талдау,

сонымен бірге зерттеу тақырыбындағы әр түрлі көзқарастарды жалпылау негізінде жазылуы тиіс. Жұмыста шетелдік тәжірибе қарастырылуы керек. Бұл тарауда зерттелетін үрдістің мәнін, мазмұнын, ұйымдастырылуын және оның құрамдастарын терең зерттеп, оны салыстырмалы талдау арқылы негіздеп, өз ұсынымын көрсету қажет. Осы бөлімде диплом жұмысының келесідей бағыттағы теориялық негіздемелері, зерттеу тақырыбының экономикалық мәні және қазіргі жағдайы, салыстырмалы талдау және өз пікірін айта білу мәнерін ашу беріледі.

Осы бөлімде диплом жұмысының келесідей бағыттағы теориялық негіздемелері беріледі:

1.1 зерттеу тақырыбының экономикалық мәні және қазіргі жағдайы. Зерттеу тақырыбының белгілі бір белгілері бойынша классификациясы;

1.2 таңдалған тақырыпты талдауда және зерттеуде бағалау көрсеткіштері қолданылады

1.3 зерттеу мәселесі бойынша әлемдік тәжірибеде жинақталған қазіргі теориясы мен прогрессивті тәжірибесі;

Бірінші тарау соңында проблема теориясы бойынша қысқаша тұжырымдар беріледі және оны практикалық зерттеу қажеттілігі негізделеді.

**Екінші тарау** талдаулық сипатта болады, мұнда бірінші тарауда қарастырылған жалпы теориялық жағдайлар негізінде зерттелетін мәселенің талдауы жасалады. Екінші тарауда фирма немесе компанияның қызметі талданып, бірнеше жылды қамтитын экономикалық көрсеткіштеріне терең талдау жасалады.

Компанияның бастапқы мәліметтерін бір жүйеге келтіріп, экономика-математикалық әдістер көмегімен талдау қажет. Бұл мәліметтер кесте, график, диаграмма, сызба түрінде беріліп, көрсетілген сандар мен фактілер зерттеу объектінің нақты жағдайы мен қызметін шынайы және объективті түрде көрсетуі керек. Сонымен зерттеу объектісі ретінде қызметтер және тауарлар нарығы да бола алады. Бұл ретте фактілер ғана емес, даму беталыстары, кемшіліктер мен олардың пайда болу себептері айқындалып, оларды шешу жолдары көрсетіледі.

Ұсынылған шаралардың тереңдігі мен ғылыми негізделуі екінші тараудың толық және сапалы жазылуына тікелей байланысты. Сандық материал талдаулық кестелерге біріктіріліп немесе суреттер, сызбалар түрінде келтіріліп, зерттеу объектісінің 3-5 жылдағы құрамы, құрылымы және өсіңкілігін сипаттауға мүмкіндік беруі керек.

Кестелердің мазмұнының рәсімделуіне келесідей талаптар қойылады: кестенің атауы, реттік саны; кесте атауы оның мазмұнын толық ашуы және ұйымның атын қамтуы тиіс, ұйымның көрсеткіштері, жылдары жазылуы керек; мәліметтер нақты, қисынды болуы керек; көрсеткіштердің өлшем бірлігі, соңғы жылдардағы, әсіресе, соңғы 3-5 жылдың мәліметтері келтірілуі керек және көрсеткіштердің өсуі немесе төмендеуін алдыңғы жылдармен салыстыру негізінде көрсетіп, оларды талдау; егер көрсеткіштің өсу/төмендеуі 200 %-дан артық болса, өзгеру шамасын есемен көрсету қажет.

Графиктерді рәсімдеуге қойылатын талаптар: графиктің көмегімен көрсеткіштердің функционалдық өзара тәуелділігі белгіленеді; әрбір

координата өсінде шартты белгілеулер көрсетіледі; нақты және ұтымды орналастырылып, көрнекі түрде көркемделуі керек; өлшем бірлігі және шартты белгілері болуы тиіс; графиктер оларды сипаттаушы мәтінінен кейін тұру керек.[6]

Талдау бөлімінде диплом жұмысының тақырыбы бойынша кәсіпорынның шаруашылық қызметі мен көрсеткіштеріне талдау жүргізіледі. Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

## 2.1. Кәсіпорынның жалпы сипаттамасы

Бұл бөлімде келесідей сұрақтар қарастырылады: кәсіпорынның қысқаша тарихы, шаруашылықтың ұйымдық-құқықтық нысаны, қызмет түрі, өндірістік қуаттылығы, шығарылатын өнім, тұтынушылар, шикізатты тасымалдаушылар, ұйымдық және өндірістік құрылым, тауарлы-материалды запастар, қолданылатын техника мен технологиялар, технологиялық процестер және т.б.

Кәсіпорынның өндірістік-шаруашылық қызметін жалпы бағалау қызмет көрсету кезеңіндегі негізгі экономикалық көрсеткіштерін талдаумен аяқталады.

Экономикалық көрсеткіштер ретінде 1-кестеде келтірілгендей материалдық, қаржы және еңбек ресурстары көрсетіледі.

1-Кестедегі көрсеткіштер бойынша жоспарлы жылды нақты жылмен салыстырып кәсіпорынның шаруашылық қызметі бойынша экономикалық баға беріліп қызметтің күшті және әлсіз жақтары анықталады.

(1 жол)

Кесте 1

«Меркур» ЖШС -нің 2014-2016 жылдарға арналған негізгі- экономикалық көрсеткіштері

(1 жол)

№	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Жыл			2017 жылдың алдыңғы жылдарға қатысты өзгерісі,%	
			2015	2016	2017	2015ж.	2016ж.
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Өндіріс көлемі: – табиғи сипаттағы – құндық сипаттағы	тонна мың тенге					
2	Өткізу көлемі: – табиғи сипаттағы – құндық сипаттағы	тонна мың тенге					
3	Өнімнің өзіндік құны	мың тенге					
4	Сатудан түскен кіріс	мың тенге					
5	Жиынтық табыс	мың тенге					
6	Сату рентабелділігі	%					
7	Тауар рентабелділігі	%					
8	Өнімнің 1 тенгеге шаққан шығыны	тенге					

Кесте 1 жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8
9	Өндірістік-өнеркәсіптік персоналдардың орта тізімдік саны: - соның ішінде жұмысшылар	адам					
10	Өндірістік өнеркәсіптік персоналдардың еңбек ақы қоры: - соның ішінде жұмысшылар	адам					
11	Өндірістік өнеркәсіптік персоналдардың орташа айлық еңбек ақысы: - соның ішінде жұмысшылар	тенге					
12	Бір жұмысшыға шаққандағы еңбек өнімділігі	мың тенге					
13	Негізгі өндірістік қордың орташа жылдық құны	мың тенге					
14	Қор қайтарымдылығы	тенге					
Ескертпе – ақпарат көздеріне сүйене отырып автормен жасалған [1]							

(2 жол)

## 2.2 Ұйымда басқару процесі, басшылықтың негізгі принциптері мен әдістері

Ұйымдық мінез-құлық моделін қарастыру және талдау. Кәсіпорынның ұйымдық құрылымына талдау жасау. Құрылымдық бөлімшелер арасында ұйымдық қатынастың сипатын қарастыру.

Диплом жұмысының зерттеу бағытына байланысты студент талдау жүргізу керек:

- ұйымның кадрлық саясатын қалыптастыру және іске асыру;
- персоналды басқару бойынша бөлімшелер құрамы, функциясы, құқықтары, жауапкершілігі, өкілеттіліктерді бөлу, ұйымның басқа да бөлімшелерімен өзара байланысы;
- персоналды басқарудың әртүрлі деңгейлерінде қолданылатын әдістер (басшылар және кадр қызметі);
- жаңа қызметкерлерді таңдау мен тарту жүйесін іске асыратын әртүрлі көздерді пайдалану, сыртқы ұйымдармен өзара байланыс;
- ұйымда қолданылатын персонал біліктілігін жоғарылату және қайта дайындау, әдістері мен дайындау бағдарламалары;

- кадр қорларын дайындау және олармен жұмыс жасау бағдарламасы;
- ұйым қызметкерлерінің қызметтік өсу жоспары;
- қызметкерлердің іскерлік мансабын басқару процесі;
- персонал аттестациясы мен іскерлік процедурасының әдістері;
- кадр бейімділігін ұйымдастыру;
- кадр таңдау жүйесін ұйымдастыру;
- еңбек қызметінің процесінде қызметкерлер мінез-құлқы мен мотивациясын басқару;
- әлеуметтік-психологиялық климатты басқару және ұжымда ресми емес қатынастар;
- ұйым ұжымында жанжалды жою және профилактика әдістері;
- басшылар еңбегін ұйымдастыру және жұмыс уақытын қолдану;
- қызметкерлердің негізгі және қосымша еңбектерін нормалау әдістері;
- жұмыспен қамту қызметінің мемлекеттік және аймақтық ұйымдармен, рекрутингтік агенттіктермен өзара байланысы.

Тарау соңында қысқаша тұжырымдамалар мен алынған нәтижелерге бағалау жүргізіледі.

**Үшінші тарау** конструктивтік және ұсынымдық сипатта болуы қажет. Мұнда орын алған кемшіліктерді жоюдың жолдары негізделіп, зерттеу мәселелері бойынша шешімдер мен ұсыныстар берілуі тиіс. Тарауда зерттеу тақырыбы мен практикалық сипаттағы міндеттері ғылыми-ұйымдастырушылық шешуге бағытталған қорытындылар мен ұсыныстар қалыптастырылуы керек. Үшінші тарауда ұсыныстардың экономикалық тиімділігі есептеледі, сонымен бірге бұл тарауда зерттеу пәнінің даму болашағы қарастырылуы мүмкін.

Үшінші тарауда (конструкторлық) қажетті есептемелер негізінде оны нақты кәсіпорындағы менеджмент пен экономиканың жағдайына бағыттап негізгі ұсыныстарды анықтау. Осы тараудың негізгі ерекшелігі тәжірибедегі қолданылуы және дипломдық жұмыстағы автордың нақты ұсыныстарының болуы. Нақты бөлім ұсыныстық пікірден болғандықтан келесі бағыттардан тұрады: кәсіпорында басқару жүйесін жетілдіру, анықталған мәселе бойынша қысқаша мінездеме беріп, шешу жобасының құрылымын жасау, әлеуметтік-экономикалық тиімді жобалар ұсыныстарының көздері және нақтылығы, ұйымның әлеуметтік – экономикалық стратегиясы өңдеу.

Дипломдық жұмыстың жобалық бөлімі енгізілген іс- шаралар нәтижесінде алынған көрсеткіштерді есептеумен аяқталады.

Диплом жұмысының жалпы мазмұнынан туындайтын негізгі нәтижелер мен ұсыныстар қысқа да нақты түрде **«қорытындыда»** беріледі. **Қорытынды** жұмыстың қысқаша мазмұнын баяндап, негізгі нәтижелер мен ұсыныстарды көрсетуі керек.

**Қолданылған әдебиеттер тізімі** диплом жұмысын жазуда қолданылған әдебиеттер туралы ақпараттарды көрсетіп, мемлекеттік стандарттың талаптарына сай рәсімделуі керек және олардың саны 25-тен кем болмауы керек.

**Қосымшаларда** жанама маңызды және аралық формулалар мен есептер, кестелер, ережелер, әдістемелер, есепті шешу алгоритмдерін сипаттау,

статистикалық, салық есептемелерінен және т.б. тұратын мәліметтер келтіріледі, жұмыстың мәтіні барысында оларға сілтемелер беріледі.

Диплом жұмысында қарастырылатын салаға қатысты түсінікті терминдер және анықтамаларды қолданған жөн.

Анықтама – бұл үрдістің немесе құбылыстың мазмұнын оның белгілері арқылы сипаттау. Анықтама қысқа және нақты болуы тиіс.

Диплом жұмысын жазу үшін ғылыми фактілер мен практикалық материалдарды жинақтау керек. Бұл ақпарат нақты, объективті және шынайы болуы қажет. Бұл талаптарға, әдетте, ресми басылымдар, мемлекеттік мекемелердің, танымал ғалымдардың жарияланымдарында, ғылыми конференциялар материалдарында, Қазақстан Республикасы статистика Агенттігінің статистикалық есебінде және диплом жұмысын орындаушының жинақтаған бастапқы мағлұматтарында болатын ғылыми фактілер сәйкес келеді.

Нақты материалды қолданудың айрықша форматы – цитаталар, олар өзгеріссіз берілуі керек. Цитаталардың алыну көздеріне сілтемелер міндетті түрде көрсетілуі қажет.

Диплом жұмысын ғылыми тілде жазу керек. Ғылыми тілдің стилі – тұлғасыз монолог, мазмұндама үшінші жақтан жазылады, авторлық «мен» қолданылмайды.

Диплом жұмысындағы барлық мәліметтердің шешімі, нақтылығы, объективтілігіне диплом жұмысының авторы - студент жауапты.

#### **4. Диплом жұмысын рәсімдеуге қойылатын талаптар**

Диплом жұмысы стандартты А4 (210x297) форматты беттерге теріліп, түптелген болуы қажет. Оның мәтіні және басқа элементтері ЭЕМ арқылы ақ парақтың бір бетіне **бірлік** интервалмен басылады. Берілген жағдайда 14 кегль «Times New Roman» шрифті қолданылады. Диплом жұмысының көлемі 60-90 бет.

Диплом жұмысының мәтінін келесі мөлшерлерге сай беру керек: сол жағы - 30 мм, оң жағы - 10 мм, жоғарғы жағы - 20 мм, төменгі жағы - 25 мм.

Белгілі бір терминдерге, формулаларға әртүрлі гарнитуралы шрифттарды қолдану арқылы ерекше көңіл бөлу үшін компьютерлік мүмкіншіліктерді қолдануға рұқсат беріледі.

Фамилиялар, ұйымдар, кәсіпорындар, басылымдар аттарын және басқа жеке атаулар диплом жұмысына түпнұсқа тілінде беріледі.

Жеке атауларды қысқартуға және ұйымдардың, кәсіпорындардың атауларын түпнұсқадағы атауын қоса отырып, диплом жұмысының тіліне аударуға рұқсат етіледі.

Диплом жұмысының «Мазмұны», «Кіріспе», «Қорытынды», «Қолданылған әдебиеттер тізімі», сонымен қатар оның тараулары мен бөлімшелері (параграфтар) сияқты құрылымдық элементтердің атаулары, құрылымдық элементтердің тақырыпшалары болып келеді. Оларды парақтың жоғарғы жағында және ортасында бас әріппен артынан нүкте қоймай, астын сызбай, толық шрифтпен басу керек.

Мысалы:

## **Кіріспе**

Диплом жұмысының тарауларының бүкіл құжат шегінде реттік саны болу қажет. Олар нүктесіз арабтық сандармен белгіленген және абзацтан жазылуы тиіс. Бөлімшелер (параграфтар) әр тараудың шегінде реттік саны болуы керек. Бөлімшенің реттік саны тарау мен бөлімшелердің нүкте арқылы бөлінген реттік санынан тұрады. Бөлімшенің реттік санының соңында нүкте қойылмайды. «Тарау», «бөлімше» сөздері тақырыпшада жазылмайды. Диплом жұмысының әр тарауын жаңа беттен бастау керек.

Диплом жұмысының «Мазмұнына» тараулар мен бөлімшелердің беттері көрсетілген нөмірлері мен атаулары кіреді. «Мазмұны» деген сөзді бас әріптермен тақырыпша ретінде мәтінге симметриялы түрде жазады.

Мысалы: диплом жұмыс тақырыбы «Кәсіпорында тәуекелді басқару (ҚК «Әлеуметтік зерттеу институты» материалдары негізінде)».

## **Мазмұны**

### **Кіріспе**

<b>1</b>	<b>Кәсіпорында тәуекелді басқарудың теориялық аспектілері</b>	<b>3</b>
1.1	Тәуекел деңгейін бағалау мәні, мазмұны және әдістерімен түрлері	6
1.2	Кәсіпорында тәуекелді басқару үрдісі	17
1.3	Кәсіпорында тәуекелді басқарудың шетелдік тәжірибе	27
<b>2</b>	<b>«Меркур» ЖШС тің тәуекелді басқару жүйесін зерттеу</b>	
2.1	«Меркур» ЖШС -тің жалпы сипаттамасы және оның негізгі экономикалық көрсеткіштерін талдау	37
2.2	«Меркур» ЖШС -тің қаржы есебінің негізінде тәуекелді басқаруын бағалау	47
<b>3</b>	<b>«Меркур» ЖШС -тің тәуекелді басқару жолдарын жетілдіру</b>	
3.1	Тәуекелді басқару бөлімінің ұйымдық құрылымының жобасын және еңбекті ұйымдастыру картасын әзірлеу	67
3.2	Мақсатты іс-шаралар бағдарламасын құру арқылы тәуекелді басқару технологиясын жақсарту жолдары	77
	<b>Қорытынды</b>	<b>87</b>
	<b>Қолданылған әдебиеттер тізімі</b>	<b>90</b>
	<b>Қосымшалар</b>	<b>92</b>

«Кіріспе», «тараулар, «қорытынды», «қолданылған әдебиеттер тізімі» «қосымша» атты әрбір диплом жұмысының құрылымдық элементтері жаңа беттен басталады.

Мәтіндегі абзац мөлшері бес белгіге тең (1,0 см).




Диплом жұмысының барлық беті, қосымшалар, иллюстрацияларды қоса алғанда, титулдық беттен бастап ретпен белгіленеді. Беттің нөмірі парақтың төменгі бөлігінің ортасына нүктесіз қойылады. Жеке бетте орналасқан кестелердің, иллюстрациялардың нөмірлері жалпы белгілеуде болады.

**Иллюстрацияларды** (сызбалар, графиктер, схемалар, диаграммалар, фототүсірілімдер және т.б.) негізгі мәтіннен кейін орналасуы тиіс немесе келесі бетте сілтемемен көрсету арқылы орналастыруға болады.

А4 форматынан кіші фототүсірілімдер стандартты ақ қағазға желімденуі керек.

Иллюстрациялардың реттік нөмірлері және атаулары болуы тиіс. (Мысалы: Сурет 1. Кәсіпорында тәуекелді басқару процесі)

(1 жол)



(1 жол)

Сурет 1. «Меркур» ЖШС -тің тәуекелді басқару процесі

(1 жол)

Барлық суреттерде сілтеме болуы қажет, сілтеме барысында иллюстрация «... 1-ші суретке сәйкес...» жазу қажет.

**Кестелерде** салыстырмалы құрылымдық-қарқынды талдауды жүргізудің көрсеткіштері келтіріледі. Кестенің атауы оның мазмұнын ашатындай және қысқа болуы тиіс. Кестенің атауы кестенің алдында сол жағына қарай, нөмірленіп бір жолға сызықша арқылы жазылады (мысалы: Кесте 1 «Әлеуметтік зерттеу институты» ҚҚ-ның банкроттық көрсеткіштерін бағалау). Диплом жұмысының барлық кестесіне сілтеме болуы қажет.

Кесте бетке толығымен сыймай келесі бетке жартысы ауыстырылатын болса, кестенің бірінші бөлігіне атауы жазылады, ал екінші бөлігіне: «Кесте 1

жалғасы» деп қалдырады. Кестені ол туралы мәтіннен кейін немесе сілтеме жасап келесі бетте орналастыруға болады.

Барлық кестелер (қосымшалардағы кестелерден басқа) реттік саны бойынша белгіленеді.

Кестенің бағаналарының атауларын бас әріптен бастап, ал олардың тақырыпшалары атаудың мазмұнына сәйкес болса кіші әріптермен, ал жеке сөйлем болса бас әріппен жазылуы керек. Кесте атаулары мен тақырыптарынан кейін нүктелер қойылмайды.

## Дипломдық жұмыста бөлімдерді, бөлімшелерді, кестені рәсімдеудің мысалы

### 2 «Меркур» ЖШС тің тәуекелді басқару жүйесін зерттеу

(1 жол)

2.1 «Меркур» ЖШС -тің жалпы сипаттамасы және оның негізгі экономикалық көрсеткіштерін талдау

(1 жол)

Мәтін .....

(2 жол)

2.2 «Меркур» ЖШС -тің қаржы есебінің негізінде тәуекелді басқаруын бағалау

(1 жол)

Кестелерде жұмыстың мәтінінен кіші №12 кегль шрифтті қолдануға рұқсат беріледі.

Кестенің рәсімделуінің мысалы:

(1 жол)

Кесте 1

Кәсіпорынның банкроттылығының көрсеткіштерін бағалау

(1 жол)

Көрсеткіш шифры $X_i$	Көрсеткіш атауы $X_i$	Кезең мәні $X_i$ $I(x_{1,i})$
$X_1$	Автономия коэффициенті	0,5
$X_2$	Қамтамасыз етілу коэффициенті	0,4
$X_3$	Аралық тиімділік коэффициенті	0,4
$X_4$	Абсолютті тиімділік коэффициенті	0,03
$X_5$	Барлық активтер айналымы (жылдық есепте)	0,9
$X_6$	Барлық капиталдар рентабельділігі	0,9
Ескерту –[21] көздерінің негізінде автормен құрастырылған		

(2 жол)

Кесте мен мәтіннің арасы 2 интервал немесе 1 «бос жол» тастау керек.

Ескертулерді абзацтан бастап және бас әріптен бастап жазады, оны мәтінге түсіндірме керек болған жағдайда қолданады. Бір ескертуді нөмірлемейді де, егер бірнеше болса араб цифрларымен рет бойынша нөмірленеді.

**Формулаларды және теңдеулерді** мәтіннен ерекшелеп келесі жолдан бастап жазу керек. Егерде формула немесе теңдеу бір жолға сыймай жатса,

теңдік белгісінен (=) немесе арифметикалық және математикалық белгілерден кейін келесі жолға көшірілуі керек.

Белгілердің немесе сандық коэффициенттердің түсіндірмесі формуладан кейін онда берілген реті бойынша көрсетіледі. Әрбір белгі мен сандық коэффициенттің таңбасын жаңа жолдан бастап орналастыру керек. Түсіндірменің бірінші жолы «мұндағы» деген сөзбен қос нүкте қою арқылы басталады.

Формулалардың ретін жолдың шеткі оң жағында жақша ішінде белгілеген жөн болады.

Формуланы құрастырудың мысалы төмендегіше:

(1 жол)

$$V \& M = \sum_{j=1}^5 g_j \sum_{i=1}^N r_i \lambda_{ij} \quad g_j = 0.1 * j \quad (1)$$

(1 жол)

мұндағы:  $t$  – сенімділік коэффициенті, ол өз кезегінде  $(p)$  мүмкіншілікке қатысты шекті қате  $t$  – орта қателігінен аспайтындығын дәлелдейді;

$\sigma^2$  – зерттеліп отырған белгінің дисперсиясы;

$d^2$  – таңдаманың шекті қатесі;

$N$  – зерттеліп отырған өзіндік құнның бірлік саны.

(1 жол)

Қолданылып отырған **сілтемелерді** тік жақшамен белгілеген дұрыс (мысалы, [1, 15 б.]). Бір сілтеме бірнеше рет қолданса, онда тік жақша ішінде қолданылған әдебиеттің реттік санымен қоса сәйкес беттің нөмері көрсетіледі.

**Анықтамалардың, түсініктемелердің және қысқартылған сөздердің, шартты мағыналардың, символдардың, физикалық өлшем бірліктерінің және терминдердің** тізімі бағана бойынша берілуі тиіс және олар бағанның сол жағында мәтінде аталып өту ретімен немесе алфавиттік тізім бойынша орналастырылып, бағананың оң жағында олардың әрқайсысына түсініктеме беріледі.

Қолданылған әдебиеттер туралы анықтамаларды диплом жұмысының мәтнінде сілтемелердің пайда болу ретімен орналастырып, оларды араб сандарымен нүктесіз нөмерлеп, жаңа жол арқылы жазу қажет.

**Қосымша.** Әрбір қосымша жаңа беттен басталып, ортасына «Қосымша» деп жазылып көрсетіледі. Қосымшаларды орыс тілі алфавитінің бас әріптерімен белгілейді, яғни А-дан бастап, Е,З,Й,О,Ч,Ь,Ъ әріптерімен аяқталады.

Әрбір «қосымшаның» иллюстрациясын бөлек нөмерлеп көрсетіп, санның алдына қосымшаның әріптік белгілеуін жазу керек. Мысалға, Қосымша А: Сурет А1. «Әлеуметтік зерттеу институты» ҚҚ-ның құрылымының тәуекелділігі

Әрбір «Қосымшаның» кестесін бөлек нөмерлеп көрсетіп, санның алдына қосымшаның әріптік белгілеуін жазу керек. Мысалы, Қосымша Б: Кесте Б1 «Әлеуметтік зерттеу институты» ҚҚ-ның тұтынушылармен сұрақ жауап алуының нәтижесі.

Қосымшалар диплом жұмысының басқа да тарауларымен ортақ нөмерленуі керек [2].

## 5 Диплом жұмысын қорғаудың тәртібі

Диплом жұмысы түлек шығарушы кафедраға алдын ала қорғау процедурасын өтуге ұсынылады. Диплом жұмысын алдын ала қорғау процедурасы кафедраның ашық мәжілісінде студенттердің және міндетті түрде ғылыми жетекшінің қатысуымен өтеді. **(Қосымша Ж)**

Академияда белгіленген тәртіп бойынша дипломдық жұмысты плагиатқа тексеру және қорғау туралы «қорғауға жіберілген» деген қорытындымен және ғылыми кеңесшінің (егер бар болса) оң қорытындысы бар болса, дипломдық жұмыс рецензентке ұсынылады. Кафедраның мамандықтары бойынша бакалавриаттың дипломдық жұмысына «Антиплагиат еТХТ» жүйесін пайдалану ұсынылады.

Орындалған диплом жұмысын жоғары оқу орнының түлегі ғылыми жетекшісіне тексеруге береді. Егер оның құрамы, көлемі және рәсімделуі толығымен қойылған талаптарға сай болса, онда ғылыми жетекші қорғауға жіберу туралы пікір береді.

Ғылыми жетекші диплом жұмысына жазбаша түрде пікір жазады. Ғылыми жетекші диплом жұмысын мақұлдамаған жағдайда қол қоймайды, бірақ жазбаша пікірінде диплом жұмысының кемшіліктері мен мақұлдамау себептерін көрсетеді. Содан соң осы материалдар негізінде кафедра меңгерушісі әрбір диплом жұмысына титулдық бетке қол қою арқылы шешім шығарады. Кафедра меңгерушісі жұмыстың қорғауға жіберілмейтіндігін айтқан жағдайда сол студентпен ғылыми жетекшінің қатысуымен бұл сұрақ кафедра мәжілісінде қаралады. Кафедра мәжілісінің хаттамасы университет ректорына бекітуге ұсынылады.

Кафедра меңгерушісімен рұқсат етілген студенттің диплом жұмысы Академия ректорының бұйрығымен бекітілген сыртқы экспертке сын пікірге қорғауға 2 апта уақыт бұрын жіберіледі. Рецензент ретінде (мамандығы бойынша 5 жыл жұмыс өтілі бар, ұйымда қазіргі кезде жұмыс істейтін) мамандар, ғылыми ұйымдар, профессорлар, басқа да ЖОО-ның доценттері тартыла алады. Рецензенттердің базалық жоғары білімі немесе ғылыми, академиялық дәрежесі болуы қажет. Кафедрада қаралып, оның талдаудан соң қорғауға рұқсат беруге шешім қабылданады, ол кафедра меңгерушісінің қолтаңбасымен расталады. Диплом жұмысы университет Бұйрығымен тағайындалған ресми сыртқы рецензентке сын пікір алу үшін қорғаудан екі апта бұрын беріледі.

Рецензент диплом жұмысын төмендегідей қалыптар бойынша бағалауы қажет:

- зерттеліп отырған тақырыптың өзектілігі;
- зерттелу дәрежесі, студенттің проблеманы негіздеу және меңгеру деңгейі (тақырыптың толық теориялық және практикалық зерттеу аспектілерімен қамтылуы, талдау сапасы, мазмұнның қисыны мен стилі);
- ғылыми зерттеулердің әдісін меңгеру деңгейі;
- кестелік-иллюстративті мәліметтердің болуы;
- ғылыми зерттеудің жаңашылдығы және зерттеу нәтижелерінің практикалық маңыздылығы;

- дипломдық жұмыстың табырыбы мамандықты даярлау деңгейіне немесе біліктілігіне сәйкес болуы қажет;
- жүргізілген зерттеудің еркіндігі
- автордың қорытындысының болуы, ұсыныстары мен жаңа пікірлерінің негізделуі;
- диплом жұмысының мазмұны және рәсімделуі бойынша кемшіліктері;
- диплом жұмысының осы әдістемелік нұсқаудың талаптарына сай келуі;
- балдың рейтингтік әріптік жүйе бойынша және академиялық деңгейінің берілуін қорытындылауы

Сын пікір рецензенттің қолтаңбасымен және оның жұмыс жасап жатқан ұйымының мөрімен расталуы қажет.

Диплом жұмысы ғылыми жетекші және рецензенттің пікірлеріне сәйкес кафедрада қайта қаралып, жұмысты қорғауға жіберу мүмкіндігі жайлы шешімі қабылданады. Осы шешіммен диплом жұмысы Мемлекеттік аттестациялау комиссиясына қорғау күні белгіленген мерзімнен кем дегенде 7 күн бұрын ұсынылуы керек.

Диплом жұмысын қорғауын кейінге қалдыру немесе рұқсат берілмеу себептері төмендегідей болуы мүмкін:

- бағдарламалық курстар бойынша қарыздардың немесе теріс бағалардың болуы;
- ақылы негізде оқитын студенттердің келісім-шарт талаптарын орындамауы;
- диплом жұмысының мазмұны мен рәсімделуі талаптарға сәйкес келмеуі;
- диплом жұмысын ұсыну мерзімі мен нысанының дұрыс орындалмауы, сонымен қатар ғылыми жетекші мен ресми рецензенттің рұқсатының болмауы/немесе теріс пікір болуы.

Диплом жұмысын қорғау студенттің қалауы бойынша мемлекеттік немесе орыс тілдерінде жүргізіледі.

Диплом жұмысын қорғау тәртібі білім саласындағы өкілетті органмен бекітілген, білім беру ұйымдарында оқитындардың қорытынды мемлекеттік және аралық бақылау үлгерімінің ережесіне сай анықталады.

Диплом жұмысын қорғау ашық Мемлекеттік аттестация комиссиясының мәжілісінде комиссия мүшелерінің қатысуымен жүргізіледі.

Диплом жұмысын қорғау ашық түрде студенттермен, түлек шығарушы кафедра оқытушыларының қатысуымен ұйымдастырылады. Қорғауға ғылыми жетекші, рецензент тағы да басқа қызығушы тұлғалар шақырылады.

Бір ғана диплом жұмысының қорғау уақыты бір студентке 30 минуттан аспауы қажет. Диплом жұмысын қорғау үшін студент баяндамасымен Мемлекеттік аттестация комиссияларының алдында 15 минуттан артық созылмауы керек. Баяндамада зерттеудің неғұрлым маңызды (өзектілігі) нәтижелеріне мән беріледі. Диплом жұмысының маңыздылығын ашатын кестелік-иллюстративті (кесте, сұлбе, диаграмма, график, т.б. түрінде) материалдар дайындауы қажет.

Қорғау кезінде автор тек қана өзінің теориялық білімін ғана емес, сонымен қатар өзін-өзі ұстау қабілеттілігін, сөйлеу мәнерінің жоғарылығын, өз позициясына жауапкершілікпен қарап қойылған сұраққа нақты әрі қысқаша жауап бере алатындығын көрсете білуі керек.

Диплом жұмысын қорғауда барлық қатысқандар сұрақ қою арқылы сөз сөйлей алады. Қорғаудан кейін комиссия хатшысы пікір мен (егер ғылыми жетекші қатысқан жағдайда) сын пікірді оқиды. Пікір және сын пікірде ескертпе бар болған жағдайда студент мазмұны бойынша аргументация беруі қажет.

Диплом жұмысын қорғау нәтижесі бойынша Мемлекеттік аттестациялау комиссия мүшелерімен балдық-рейтингтік әріптік жүйеде қорытынды баға қойылады.

Егер студентке диплом жұмысы үшін және бүкіл оқу мерзімінде үлгерімі бойынша оң баға қойылса, «бакалавр» академиялық деңгейі беріледі.

Егерде Мемлекеттік аттестациялау комиссиясы диплом жұмысын қорғау бойынша теріс баға берсе, онда диплом жұмысы бір жылдан кем емес уақыт ішінде өңделген түрінде қайта қорғалуы мүмкін.

**Егерде студент белгілі бір себептермен дипломдық жұмысты қорғауға келмеген жағдайда, онда МАК үкімімен (1 жылдан артық емес) уақыт ішінде қорғауға қабылданады.**

Диплом жұмысын қорғау нәтижесі әрбір студентке Мемлекеттік аттестациялық комиссия мәжілісінде хаттамамен рәсімделеді және оны жүргізу күні хабарландырылады.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 «Білім беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы – Астана, Ақорда 27 шілде 2007 жыл N 319 – III ҚРЗ(04.07.2014 жылға өзгертулер мен толықтырулар ескерілген)..
- 2 Жоғары оқу орындарында оқытындардың үлгерімін ағымдағы, аралық бақылау және қорытынды мемлекеттік аттестациялауды жүргізудің Типтік ережелері (Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министрлігінің 18 наурыз 2008 жылғы № 125 бұйрығы)
- 3 Уваров А.А. Экономикалық мамандықтар бойынша курстық және дипломдық жұмыстар: Даярлау және қорғау бойынша тәжірибелік кеңестер. – М.: Баспа «Дело и Сервис», 2005. – 80 б.  
Есимжанова С.Р., Дюсембекова Ж.М. Дипломдық жұмысты (жобаны)
- 4 (экономикалық мамандықтар бойынша) орындауға арналған әдістемелік нұсқау / Алматы. – 2008. – 23 б.

## Қосымша А

АЭСА  
«\_\_\_\_\_» кафедрасының меңгерушісі  
ғылыми дәрежесі, атағы Аты- жөні  
\_\_\_\_\_ курс «\_\_\_\_\_» 5B050700  
«Менеджмент» мамандығының  
студенті Аты -жөні толық  
оқу негізі, түрі, тобы \_\_\_\_\_  
Мекен жайы \_\_\_\_\_  
телефоны:үй \_\_\_\_\_  
ұялы \_\_\_\_\_  
жұмыс \_\_\_\_\_

## Ө Т І Н І Ш

\_\_\_\_\_тақырыбында  
диплом жұмыстың тақырыбын бекітіп, ғылыми жетекші ретінде  
\_\_\_\_\_тағайындауыңызды өтінемін.

Студенттің қолы \_\_\_\_\_

Мерзімі \_\_\_\_\_

Ғылыми жетекшімен келісілген: \_\_\_\_\_  
(Аты –жөні, ғылыми атағы)



**Қосымша Б**

**АЛМАТЫ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ СТАТИСТИКА АКАДЕМИЯСЫ**

«Экономика және менеджмент» кафедрасы  
5B050700-«Менеджмент» мамандығы

«Бекітемін»  
Кафедра меңгерушісі,  
Э.Ғ.К., профессор Сейтхамзина Г.Ж  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_\_ж.

Диплом жұмысын орындауға  
**ТАПСЫРМА**

Студент \_\_\_\_\_  
(аты -жөні)

Жұмыстың тақырыбы \_\_\_\_\_

АЭСА бұйрығы бойынша № \_\_\_\_\_ « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_  
аяқталған жұмысты өткізу уақыты \_\_\_\_\_  
Жұмысқа байланысты алғашқы мәліметтер \_\_\_\_\_

Диплом жұмысты дайындауда қарастырылатын сұрақтар тізімі немесе олардың қысқаша мазмұны:

1) \_\_\_\_\_

2) \_\_\_\_\_

3) \_\_\_\_\_

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Графикалық материалдар тізімі (кесте, диаграмма, нақты сұлбалардың көрсетелуімен)

Тапсырма беру уақыты \_\_\_\_\_

Ғылыми жетекшісі \_\_\_\_\_

(колы)

Тапсырманы орындауға алған студент \_\_\_\_\_

(колы)

## Қосымша В

АЛМАТЫ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ СТАТИСТИКА АКАДЕМИЯСЫ

5B050700-«Менеджмент» мамандығының \_\_\_\_ курс студентінің

«\_\_\_\_\_»

тақырыбындағы диплом жұмысын жазу мен рәсімдеудің

### КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАР КЕСТЕСІ

	Жұмыс кезеңдері	Орындалу мерзімі		Орындалуы туралы жетекшінің белгілеуі
		жоспар ланатын	Нақтылы	
1	Диплом жұмысына тапсырма беру			
2	Негізгі көздер бойынша әдебиеттерді жинақтау, зерттеу және өңдеу			
3	Диплом жұмысының жоспарын жасау және ғылыми жетекшімен бекіту			
4	Диплом жұмысының бірінші тарауын жазу және тексеруге беру			
5	Өндірістік тәжірибе өту орнынан жинақталған практикалық материалдарды жүйелендіру, талдау және өңдеу			
6	Диплом жұмысының екінші тарауын жазу және тексеруге беру			
7	Диплом жұмысының үшінші тарауын жазу және тексеруге беру			
8	Ұсыныстар мен қорытындыларды ғылыми жетекшімен келісу			
9.	Диплом жұмысының ескертулерге сәйкес қайта қарастыру және ғылыми жетекші пікірімен кафедраға ұсыну			
10	Диплом жұмысын кафедрада алдын-ала қорғау (қорғауға бір ай қалғанда)			
11	Кафедра меңгерушісінің қорғауға рұқсат берілгеннен кейін сыртқы оппонентке жұмысты сын пікірлеуге жіберіп, сын пікір алу (қорғауға 2 апта қалғанда)			
12	Қорғауға шығарылатын баяндама тезистері және кестелік-иллюстративті материалдарды әзірлеу			

Тапсырманы беру күні \_\_\_\_\_ ғылыми жетекші \_\_\_\_\_  
(қолы) аты-жөні

Тапсырманы орындауға студент алды \_\_\_\_\_  
(қолы) аты-жөні

## **Қосымша Г**

Мұқабә (сыртқы беті) рәсімдеу үлгісі

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**

**Алматы экономика және статистика академиясы**

**Ахметова А.С**

**«Кәсіпорында тәуекелді басқару»  
(Меркур ЖШС мысалында)**

**ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС**

**«5В050700 - Менеджмент» мамандығы**

**Алматы, 2018**

## Қосымша Д

### АЛМАТЫ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ СТАТИСТИКА АКАДЕМИЯСЫ

#### «Экономика және менеджмент» кафедрасы

«Қорғауға жіберілді»  
«Экономика және менеджмент»  
кафедрасының меңгерушісі, э.ғ.к.,  
профессор Сейтхамзина Г.Ж  
№\_\_ хаттама «\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_ ж.

## ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «Кәсіпорында тәуекелді басқару»  
(Меркур ЖШС мысалында)

«5B050700 - Менеджмент» мамандығы

Орындаған:  
\_\_ курс, \_\_ топ студенті

\_\_\_\_\_  
Студенттің қолы

\_\_\_\_\_  
Студенттің аты-жөні

Ғылыми жетекші:  
ғылыми дәрежесі,  
ғылыми атағы

\_\_\_\_\_  
Жетекшінің қолы

\_\_\_\_\_  
Жетекшінің аты-жөні

Алматы, 2018

## Қосымша Е

### Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Станиславчик Е.Н. Риск-менеджмент на предприятии. Теория и практика. М., 2010. – 80 с.
2. Чалый-Прилуцкий В.А. Рынок и риск. Методические материалы (пособие для бизнесменов) по анализу оценки и управления риском. – М.: НИУР, Центр СИНТЕК, 2012. - 234с.
3. Чернова Г. В. Практика управления рисками на уровне предприятия. – СПб: Питер, 2011. – 176 с.
4. Рыночные услуги в Республике Казахстан в 2007 году / Статистический справочник / Агентство Республики Казахстан по статистике / Под ред. А.А. Смаилова /. – Алматы, 2012. – 96 с.
5. Отчетные данные ТОО «Адал» за 2014-2017 г.

## Қосымша Ж

Алматы экономика және статистика академиясы

Алматы қ.  
« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж

Хаттама № \_\_\_\_\_  
«Экономика және менеджмент» кафедрасының отырысының

**Қатысқандар:** дипломдық жұмыстарды алдын-ала қорғау комиссиясының мүшелері–  
«5B050700-«Менеджмент» мамандығы бойынша

**Шақырылғандар:** «5B050700-«Менеджмент»» мамандығының студенттері \_\_\_\_\_ адам.

**Келмегендер:**

### Күн тәртібі:

1. «5B050700-«Менеджмент» мамандығы 4 курс күндізгі бөлім студенттерінің дипломдық жұмыстарын алдын-ала қорғау.

Келесідей сұрақтар қарастырылды:

1.«5B050700-«Менеджмент» мамандығы 4 курс күндізгі бөлім студенттерінің дипломдық жұмыстарын алдын-ала қорғау.

**Тыңдалды:** «\_\_\_\_\_» кафедрасының меңгерушісі, ғылыми атағы мен дәрежесі, аты жөні оқу үрдісі кестесіне сәйкес «шифр – мамандық атауы» мамандығы студенттерінің дипломдық жұмыстарын алдын-ала қорғауы жүргізілетіні туралы ақпарат ұсынды. Дипломдық жұмысты алдын-ала қорғау кезінде автор зерттеу мәселесі бойынша теориялық білімімен қатар шешендік шеберлік деңгейін көрсетіп, қойылған сұрақтарға қысқаша жі нақты жауап беруі керек.

Талқылауға барлық студенттер сұрақтар қою немесе сөз сөйлеу нысанында қатыса алады.Келесі кезекте студенттердің дипломдық жұмыстарын алдын-ала қорғауы жүргізілді. әрбір студентке зерттеу мәселесі бойынша комиссия мүшелері және қатысушы студенттер қатарынан сұрақтар қойылып, жұмысты жақсарту бойынша ескертулер мен ұсыныстар жасалды.

### Бірінші сұрақ бойынша шешім қабылданды:

Оқу үрдісі кестесіне сәйкес «шифр – мамандық атауы» мамандығы студенттерінің дипломдық жұмыстарын алдын-ала қорғауы «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 200\_\_ ж. өткізілді. Студенттердің баяндамалары тыңдалды және комиссия шешімімен төмендегі бітірушілердің дипломдық жұмыстары қорғауға жіберілді/жіберілмеді:

Студенттің аты-жөні	тегі,	Дипломдық жұмыс тақырыбы	Ғылыми жетекшісі (ғылыми кеңесші)	Қорғауға жіберілді/ жіберілмеді

### Комиссия мүшелері:

ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы \_\_\_\_\_ тегі, аты-жөні  
(қолы)

ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы \_\_\_\_\_ тегі, аты-жөні  
(қолы)

ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы \_\_\_\_\_ тегі, аты-жөні  
(қолы)

Кафедра меңгерушісі «\_\_\_\_\_», ғылыми дәрежесі,  
ғылыми атағы \_\_\_\_\_ тегі, аты-жөні  
(қолы)

## Қосымша О

Алматы экономика және статистика академиясының  
«5В050700-«Менеджмент» мамандығы бойынша бітірушінің дипломдық  
жұмысына

### ШІКІР

\_\_\_\_\_ (Аты – жөні)

Тақырып

### ЖҰМЫСТЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Қорытынды

Ғылыми жетекші

\_\_\_\_\_ (атағы , ғылыми дәрежесі, Аты – жөні)

Қолы \_\_\_\_\_

«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20 г.

## Қосымша II

Алматы экономика және статистика академиясының  
«5B050700-«Менеджмент» мамандығы бойынша бітірушінің дипломдық  
жұмысына

### СЫН- ПІКІР

---

(Аты – жөні)

Тақырып

---

«Экономика и менеджмент» кафедрасында

---

(атағы , ғылыми дәрежесі, Аты – жөні)

---

жетекшілігімен бекітілген

### ЖҰМЫСТЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ:

1 .Тақырыптың өзектілігі

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

2.Жұмыстың жақсы жақтары:

---

---

---

---

---

3 . Кемшіліктер мен ұсыныстар

---

---

---

---

---

4. Қорытынды баға

---

---

---

---

---

М.О. Рецензент

---

(Аты – жөні, қызметі, жұмыс орыны)



## Қосымша К

### МКҚК емдік мекемесінің негізгі қаржы - экономикалық көрсеткіштері

№	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2015 жыл	2016 жыл	Ауытқу (+; -)	Өсу қарқыны (%)
1	Қаржыландырудың жалпы көлемі	мың тенге				
2	Ақылы қызметтен кіріс	мың тенге				
3	Қаржыландыру жоспарының орындалуы, соның ішінде	мың тенге				
	еңбек ақы	мың тенге				
	қосымша ақшалай төлемдер	мың тенге				
	іс -сапарлық шығындар	мың тенге				
	Салық және бюджетке міндетті басқадай төлемдер	мың тенге				
	басқадай шығындар	мың тенге				
	алынған материалдар	мың тенге				
	коммуналдық төлемдер	мың тенге				
	электроэнергия	мың тенге				
	жылыту	мың тенге				
	байланыс қызметі	тыс. тенге				
	негізгі құралдарды ағымдағы жөндеу	мың тенге				
	басқадай шығындар	мың тенге				
	Толық жөндеу	мың тенге				
4	Койка саны	койкалық орын				
5	1 койка/күнге дәрілік заттардың орташа жылдық шығыны	теңге				
6	1 койка/күнге тамақтанудың орташа жылдық шығыны	теңге				
7	Жұмысшылардың орташа жылдық саны	адам				
8	Орташа айлық еңбек ақы	адам				
9	Негізгі құралдардың орташа жылдық құны	мың тенге				
10	Еңбекті қорқаруландыру	мың тенге				
Ескертпе – мәлімет көздері негізінде автормен құрастырылған [13]						

Кесте «Times New Roman» 12 кегль орындалуы тиіс





